# Республикалық (халықаралық) «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі технологиялар мен цифрлық білім беру ресурстары» семинар.

2024 жылдың желтоқсан айының 4-ші жұлдызында Қостанай облысы Рудный қаласындағы «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау орталығының» ұйымдастыруымен «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі технологиялар мен цифрлық білім беру ресурстары» тақырыбында республикалық (халықаралық) семинар өтті. Семинар онлайн форматта (ZOOM) болды. Семинардың мақсаты: тәжірибе алмасу және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде қолданылатын озық технологиялар мен цифрлық білім беру ресурстарын трансферттеу. Білім беру үдерісінің бейімделуіне және дамуына ықпал ететін инновациялық әдістер мен стратегияларды әзірлеуде мұғалімдердің күш-жігерін біріктіру.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының « Арқалық қаласының психологиялық - педагогикалық түзеу кабинеті» КММнен үш педагог тәжірбиесімен бөлісті. Олар:

Логопед- психолог Твердохлеб Н. В. «Логопед мұғалімнің жұмысындағы денсаулық сақтау технологиялары» тақырыбанда ой қозғады. «Бұл мақалада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін денсаулықты сақтайтын технологиялардың маңыздылығы талқыланады. Оқуда қиындықтарға тап болған балалар санының өсуіне байланысты оқытудың жаңа әдістері мен ұйымдастырушылық қолдауды табу қажет болады. Сөйлеу патологиясы бар балалардың денсаулығын сақтауға және ынталандыруға көмектесетін денсаулықты үнемдейтін технологияларға ерекше назар аударылады.»,- деп баяндайды.

Мұғалім логопед- дефектолог Берік А. Е. «Арнайы педагогтардың түзету сабақтарынада пайдаланылатын ұлттық нейрокоррекциялық әдістер» тақырыбында сөйледі. «Қазақ халқы көнеден бала тәрбиесіне, ұрпақтың дамуына орасан зор көңіл бөлген, шақалақ кезінен бесіке бөлеп, сүйек мүжіткен, атқа отырғызып түрлі жыр-дастандар айтып өсірген, бұның бәрі баланың жан-жақты дамуына үлес қосқан мықты нейрокоррекция әдістері. Бұл мақалада нейрокоррекция ұғымымен танысу, оны арнайы педагогтардың түзету сабақтарында қолдану және де ұмытылып бара жатырған ұлттық ойындарымызды жаңаша әдістерге айналдыра отырып, балалардың дамуына арналған құрал ретінде пайдалану жолдары туралы айтылды»

Педагог психолог Ермұханова А.Х. «Ауыр мүгедек балалармен жұмыс істеуде сенсорлық интеграциялық технологияларды қолдану» психикалық дамуы тежелген, аутизм спектрінің бұзылуы, психикалық дамуы тежелген,

Даун синдромы сияқты бұзылыстары бар балалармен жұмыс істеуде әртүрлі сенсорлық интеграциялық технологияларды қолдану зерттелді. Автор сенсорлық интеграция әдісін ауыр кемістігі бар балалармен жұмыс істеудің әмбебап әдісі ретінде ұсынды. Бұл көзқарас психология және дефектология саласындағы мамандарды қызықтырады»- деген баяндаманы ұсынды.







